

"Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасын және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 3-1-320қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 11 наурыздағы № 23-199қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 16 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 621 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімшілігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 158-304 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімшілігінің 2012.03.20 № 158-304 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасын және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 3-1-320қ қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 3 маусымда № 390 болып тіркелген, «Астана хабары» газетінің 2005 жылғы 14 маусымдағы № 79 нөмірінде; «Вечерняя Астана» газетінің 2005 жылғы 16 маусымдағы № 90 нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасы және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібінде (бұдан әрі – Қағида):

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушілердің меншікті қаражаты есебінен құрылады. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғаларға еңбекақы төлеу жұмыс берушінің елу пайыздық қоса қаржыландыру шартымен, заңнамада тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшерінде ішінара қала бюджетінен жүзеге асырылады.»;

8-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгермейді;

10-тармақтағы «он бес мың теңге» деген сөздер «кемінде тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақы» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

«әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін» деген сөздер «әлеуметтік жұмыс орындарына қатысқан» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар» «, басқа жұмыс берушілер – 3-қосымшаға сәйкес» деген сөздер алынып тасталсын;

Қ а ғ и д а ғ а 1 - қ о с ы м ш а д а :

2.1.2-тармақтағы «Он бес мың теңге» деген сөздер «Кемінде тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2.2.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.2.2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа қабылданған тұлғалармен еңбек шарттарын жасайды және үш күн ішінде Басқармаға еңбек шартының, жеке куәліктің, әлеуметтік жеке кодтың (ӘЖК), салық төлеушінің тіркеу нөмірінің (СТТН), қабылданған тұлғаның жинақтаушы зейнетақы қорымен шартының көшірмелерін ұсынады.»;

2.2.6-тармақтағы «және берілген мамандықтар бойынша кәсіпорындардағы жалақылар мен мөлшерлемелерге сүйеніп,» деген сөздер алынып тасталсын;

2.2.9-тармақ алынып тасталсын;

2 . 2 . 1 1 - т а р м а қ т а :

«тізімдерді,» деген сөз «әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін тұлғалар туралы мәліметтерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

«атқарылған жұмыстардың актісін» деген сөздер алынып тасталсын;

2.2.13-тармақтағы «зейнеткерлік жарналарды аударуды» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2. Жұмыс берушінің шығындарын өтеу ай сайын осы Шарттың 2.2.11-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде жүргізіледі.»;

8-бөлімдегі «68а» деген сандар мен әріп «16» деген сандармен ауыстырылсын ;

Қағидаға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н ;

Қағидаға 3-қосымша алынып тасталсын.

2. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары
А. Ғ. Балаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне
енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім *И. Тасмағамбетов*
Астана қаласы әкімдігінің
2010 жылғы 11 наурыздағы
№ 23 - 199 қ қаулысына
қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарына қатысқан тұлғалар туралы МӘЛІМЕТ

р/с №	Аты-жөні (толық)	Лауазымы, кәсібі	Жұмыстың басталу күні (еңбек шартының № және оны жасау күні)	Жұмыс істеген күндер саны	Жұмыстың аяқталу күні (жұмыстан босатылу күні, себебі)	Орындалған жұмыстар үшін жұмыссыздарға барлығы есептелгені, теңге
1	2	3	4	5	6	7